

## Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне лицензиялау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 15 сәуірдегі N 45 Заңы

**1-бап.** Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2001 жылғы 12 маусымдағы Қазақстан Республикасының кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 11-12, 168-құжат; 2002 ж., N 6, 73, 75-құжаттар; N 19-20, 171-құжат; 2003 ж., N 1-2, 6-құжат; N 4, 25-құжат; N 11, 56-құжат; N 15, 133, 139-құжаттар; N 21-22, 160-құжат, N 24, 178-құжат; 2004 ж., N 5, 30-құжат; N 14, 82-құжат; N 20, 116-құжат; N 23, 140, 142-құжаттар):

371-баптың 4-тармағының б) тармақшасында:

екінші абзацтағы "және мал дәрігерлік" деген сөздер алып тасталып, "қызметті" деген сөзден кейін ", мал дәрігерлік саласындағы қызметтерді: мал дәрігерлік мақсаттағы препараттарды өндіру және өткізуді; мал дәрігерлік мақсаттарға арналған дәрі-дәрмек құралдарды, биологиялық препараттарды өткізуді; жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарға мал дәрігерлік-санитарлық сараптама жүргізуді; мал дәрігерлік емдеу-профилактикалық қызметтерін;" деген сөздермен толықтырылсын;

бесінші абзацтағы "және сатуды" деген сөздер алып тасталсын;

жетінші абзац алып тасталсын;

он төртінші абзацтағы "жүргізу" деген сөз "жүргізуді" деген сөзбен ауыстырылып, "мен топографиялық-геодезиялық және картографиялық өнімдер өткізуді" деген сөздер алып тасталсын;

он бесінші абзацтағы "тексеруді," деген сөз алып тасталсын;

он жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етумен байланысты қызметтерді: жол жүрісін реттеудің техникалық құралдарын орнатуды, монтаждауды, жөндеуді, пайдалануды,";

жиырма екінші және жиырма үшінші абзацтар алып тасталсын;

жиырма бесінші абзацтағы ", салуды" деген сөз алып тасталсын;

жиырма сегізінші абзац алып тасталсын;

жиырма тоғызыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"темір жолдың жылжымалы құрамын жасау мен жөндеуді; қауіпті жүктерді тасымалдау үшін қолданылатын арнаулы контейнерлерді жасау мен жөндеуді,";

отыз бірінші абзацтағы "түрін қоспағанда, лицензияланатын қызмет түрлеріне қолданылмайды." деген сөздер "түрін;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы отыз екінші абзацпен толықтырылсын:

"экологиялық сараптама саласындағы табиғат қорғауды жобалауды, нормалауды және табиғат қорғау жұмыстарын қоспағанда, лицензияланатын қызмет түрлеріне қолданылмайды."

2. "Лицензиялау туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-құжат; N 12, 88-құжат; N 14, 93-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 24, 162-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 7, 80-құжат; N 11, 144, 149-құжаттар; N 12, 184-құжат; N 13-14, 195, 205-құжаттар; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 14, 201-құжат; N 16, 219-құжат; N 17-18, 222, 224, 225-құжаттар; N 23, 416-құжат; N 24, 452-құжат; 1999 ж., N 20, 721, 727-құжаттар; N 21, 787-құжат; N 22, 791-құжат; N 23, 931-құжат; N 24, 1066-құжат; 2000 ж., N 10, 248-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8 52, 54-құжаттар; N 13-14, 173, 176-құжаттар; N 23, 321-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 2, 17-құжат; N 15, 151-құжат; N 19-20, 165-құжат; 2003 ж., N 1-2, 2-құжат; N 4, 25-құжат; N 6, 34-құжат; N 10, 50, 51-құжаттар; N 11, 69-құжат; N 14, 107-құжат; N 15, 124, 128, 139-құжаттар; 2004 ж., N 2, 9-құжат; N 5, 27-құжат; N 10, 54-құжат; N 14, 82-құжат; N 15, 86-құжат; N 16, 91-құжат; N 17, 98-құжат):

1) 1-баптың 1-тармағындағы "іс-әрекетті" деген сөзден кейін "(операцияларды)" деген сөзбен толықтырылсын;

2) 2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) біліктілік талаптары - белгілі бір қызмет түрімен айналысу құқығына немесе белгілі бір іс-әрекет (операциялар) жасауға үміткер жеке және заңды тұлғалар сай келуге тиісті талаптар;

2) лицензиар - лицензияны беретін, қайта ресімдейтін, оның қолданылуын тоқтата тұратын, тоқтататын және жаңғыртатын тиісті уәкілетті мемлекеттік орган;

3) лицензиат - белгілі бір қызмет түрімен айналысу құқығына немесе белгілі бір іс-әрекет (операциялар) жасауға лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлға;

4) лицензия - жеке немесе заңды тұлғаға белгілі бір қызмет түрімен айналысуға немесе белгілі бір іс-әрекет (операциялар) жасауға тиісті уәкілетті мемлекеттік орган беретін рұқсат.";

3 ) 3 - б а п т а :

5-тармақ "іс-әрекет" деген сөзден кейін "(операциялар)" деген сөзбен толықтырылсын;

6-тармақтағы "осы Заңмен белгіленеді және", "тұрғысынан орын алуы мүмкін" деген сөздер алып тасталсын, "қорғау" деген сөзден кейін "мақсатында осы Заңмен белгіленеді" деген сөздермен толықтырылсын;

4 ) 5 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Өтініш берушіге лицензия беруді Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленетін және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін лицензиарлар жүргізеді. (Z980258 (4-бап , 5) тармақша; P951894 қараңыз) ";

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Лицензиялау саласындағы тиісті уәкілетті мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік органды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Лицензиарларға лицензиялау жөніндегі өкілеттіктерін лицензиялау саласындағы мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісім бойынша тиісті аумақтық бөлімшелерге беруге рұқсат етіледі. Мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруды мемлекеттік емес ұйымдарға, оның ішінде қоғамдық бірлестіктерге бергені үшін мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.";

5) 6-баптың үшінші бөлігі "орган" деген сөзден кейін "және (немесе) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 7-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі "іс-әрекетті" деген сөздерден кейін "(операцияларды)" деген сөзбен толықтырылсын;

7 ) 9 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес атом энергиясын пайдалануға байланысты барлық қызмет түрлері";

11) тармақшадағы ", салу" деген сөз алып тасталсын, "пайдалану" деген сөзден кейін ". Өндірістердің, жабдықтардың, объектілердің, жұмыстардың (қызметтердің) тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді ( P951894 ; P990556 қараңыз) " деген сөздермен толықтырылсын;

16) тармақшадағы "мен сату" деген сөздер алып тасталсын;

18) және 22) тармақшалар алып тасталсын;

26) тармақшадағы "мен топография-геодезиялық және картографиялық өнімдерді сату" деген сөздер алып тасталсын;

29) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"29) минералдық шикізатты өңдеу (Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін

тізбе бойынша кең таралған пайдалы қазбаларды өңдеуді қоспағанда); ( P951894 ; P990556 *қараңыз* )";

31) тармақшадағы "тексеру," деген сөз алып тасталсын;

35) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 45-1) тармақшамен толықтырылсын:

"45-1) шитті мақтаны талшықты мақтаға бастапқы өңдеу;"

46) тармақшадағы ", экскурсиялық" деген сөз алып тасталсын;

47) және 48) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"47) темір жолдың жылжымалы құрамын жасау және жөндеу; қауіпті жүктерді тасымалдау үшін қолданылатын арнайы контейнерлерді жасау және жөндеу; ( P020794 ;

V 0 4 2 7 2 0

*қ а р а ң ы з* )

48) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етумен байланысты қызмет: жол жүрісін реттеудің техникалық құралдарын орнату, монтаждау, жөндеу, пайдалану; ( P010136 ; P030318 *қараңыз* )";

57) тармақшадағы "өндіру." деген сөз "өндіру;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 58) - 60) тармақшалармен толықтырылсын:

"58) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбе бойынша шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлері;

59) экологиялық аудиторлық қызмет ;

60) экологиялық сараптама саласындағы табиғат қорғауды жобалау, нормалау және табиғат қорғау жұмыстары. ";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Этил спирті мен алкоголь өнімін өндіру және оның айналымы жөніндегі қызметті лицензиялаудың ерекшеліктері арнайы заңдармен белгіленеді.";

8 ) 1 0 - б а п т а :

2) тармақшадағы "және мал дәрігерлік қызметімен" деген сөздер "қызметпен" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) ветеринария саласындағы қызмет: ветеринариялық мақсаттағы препараттарды өндіру және өткізу; ветеринариялық мақсаттарға арналған дәрілік заттарды, биологиялық препараттарды өткізу; жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарға ветеринариялық-санитарлық сараптама жүргізу; ветеринариялық емдеу-профилактикалық қызмет; ( P971272 *қараңыз* )";

5) тармақша алып тасталсын;

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) нотариаттық қызмет; ( P981325 ; P020254 *қараңыз* )";

7) тармақшадағы ", тотализаторлар, казинолар" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:  
"7-1) ойын бизнесі саласындағы қызмет; (P011432 *қараңыз*)";

10-2) тармақша алып тасталсын;

9) 12-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бас лицензия бойынша белгілі бір қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғаларға Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тізбеге кіретін және сол қызмет түрінде тұрақты пайдаланылатын жекелеген тауарлардың (жұмыстар, қызметтер) импортына (келісім-шарттар санына қарамастан жыл сайынғы импорттау көлеміне) берілетін лицензия қолданылу мерзімі шектелмей беріледі.";

10) 15-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Лицензияланатын қызмет түрлеріне біліктілік талаптарын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіп қауіпсіздігі және мемлекеттік энергетикалық қадағалау, санитарлық-эпидемиологиялық қызмет саласындағы органдардың қорытындысын қажет ететін қызмет түрлерінің осы Заңға сәйкес лицензияланатын тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.";

1 1 ) 1 6 - б а п т а :

2) тармақшаның бірінші бөлігіндегі "лицензиаттың" деген сөз "өтініш берушінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөліктегі "Лицензиат (субъект)" деген сөздер "Өтініш беруші" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 19-баптың 3-тармағының 1) тармақшасындағы "мұқтажына міндетті түрде өнім" деген сөздер "мұқтаждары үшін міндетті түрде тауарлар (жұмыстар мен қызметтер)" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 21-баптың 1-тармағының 2) тармақшасындағы "іс-әрекеттер" деген сөз "іс-әрекет (операциялар)" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 22-баптың 1-тармағының 1) тармақшасындағы "лицензиядағы" деген сөз "осы лицензияланатын қызмет түріне қойылатын" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 5 ) 2 4 - б а п т а :

2-тармақ алып тасталсын;

3-тармақтағы "Мемлекеттік органдар (лицензиарлар)" деген сөздер "Лицензиарлар" деген сөзбен ауыстырылсын.

3. "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 1995 жылғы 20 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 148-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 23, 321-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 15, 147-құжат; 2003 ж., N 10, 54-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):

82-1-баптың бірінші бөлігі алып тасталсын.

4. "Жол жүрісі қауіпсіздігі туралы" 1996 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 273-құжат; 2001 ж., N 24, 338-құжат; 2003 ж., N 10, 54-құжат; N 12, 82-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):

#### 9 - б а п т а :

1-тармақтағы "Заңды және жеке" деген сөздер "Жеке және заңды" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қызмет түрлері және лицензиялау тәртібі Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңдарымен айқындалады."

5. "Қоршаған ортаны қорғау туралы" 1997 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 17-18, 213-құжат; 1998 ж., N 24, 443-құжат; 1999 ж., N 11, 357-құжат; N 23, 931-құжат; 2001 ж., N 13-14, 171-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2004 ж., N 10, 57-құжат; N 23, 137, 142-құжаттар):

1) 21-баптың 1) тармақшасы "шаруашылық" деген сөздің алдынан "Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбе бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 22-баптың екінші бөлігіндегі "заңдармен" деген сөз "Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңдарымен" деген сөздермен ауыстырылсын.

6. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 3, 17-құжат; N 9, 86-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 10, 103-құжат; 2004 ж., N 10, 56-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 142-құжат; N 24, 144-құжат):

27-баптың 1-тармағының 22-3) тармақшасы және 31-баптың 1-тармағының 22) тармақшасы "заңдарында" деген сөздің алдынан "лицензиялау туралы" деген сөздермен толықтырылсын.

7. "Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы" 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 23, 320-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):

1) 9-баптың 2-тармағының 3) және 4) тармақшалары алып тасталсын;

2) 14-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі екінші сөйлем алып тасталсын.

8. "Әділет органдары туралы" 2002 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 6, 67-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; N 24, 154-құжат):

1) 17-баптың 2) тармақшасы "заңдарында" деген сөздің алдынан "лицензиялау туралы" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 19-баптың 1-тармағында:

1) тармақша "заңдарында" деген сөздің алдынан "лицензиялау туралы" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақшадағы "адвокаттық қызметке байланысты емес ақылы заң қызметін көрсету жөніндегі қызметті лицензиялау," деген сөздер алып тасталсын.

9. "Геодезия және картография туралы" 2002 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 13-14, 141-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):

7-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"7-бап. Топографиялық-геодезиялық және картографиялық қызметті мемлекеттік лицензиялау

Топографиялық-геодезиялық және картографиялық қызметті лицензиялау Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңдарына сәйкес жүзеге асырылады. (Z952200 ; P001481 *қараңыз*)".

10. "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 15, 148-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):

12-баптың 1-тармағы "заңдарында" деген сөздің алдынан "лицензиялау туралы" (Z952200 ; P971272 *қараңыз*) деген сөздермен толықтырылсын.

11. "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" 2002 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 21, 176-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):

7-баптың 13) тармақшасы алып тасталсын.

**2-бап.** Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*